

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№4 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/ZQUS9819>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/QAJL5625>

***А. Б. Төлеу¹, Г. Р. Сәулембек²**

^{1,2}М. О. Әуезов атындағы

Әдебиет және өнер институты,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-1047-0064>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3667-267X>

*e-mail: toleuainur@gmail.com

НӘЗИПА ҚҰЛЖАНОВА ӘҢГІМЕСІНДЕГІ ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІ

Мақалада қазақ әдебиетіндегі әйел жазушы жазған тұңғыш прозалық шығарма әдебиеттанудағы гендерлік зерттеулер аясында алғаш рет сараланды. Нәзипа Құлжанованың «Маржан» әңгімесі әйел тақырыбына жазылған басқа авторлардың, атап айтқанда Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу» шығармаларындағы кейіпкерлердің мінезіндегі айырмашылықтар, ортақ қасиеттері салыстырмалы талдау арқылы гендерлік және феминистік сын тұрғысынан қарастырылады..

Нәзипа Құлжанованың қазақ әйелінің бостандығы мен еркіндігі тақырыбында әңгіме жазуына түрткі болған сол кездегі саяси жағдайлар мен ресми құжаттар да мақалада көрсетілді. Қазақ жазушы әйелдері тәрпынан жазылған тұңғыш шығарма – «Маржан» әңгімесіндегі әйелдің жыныстық объектіге айналуы, отбасылық және репродуктивтік міндеттерінің көрініс табуы ғиносын тұрғысынан жаңа бағытта талданды. Кейіпкердің дүниені қабылдауы, иррационалды және эмоционалды ерекшеліктері теориялық тұрғыда қарастырылды.

Кілтті сөздер: феминизм, ғиносын, гендерлік зерттеулер, жазушы әйелдер шығармасы, феминистік сын, әдебиеттанудағы феминистік бағыт, алғашқы проза

Кіріспе

Ең алғаш феминизм терминін ХІХ ғасырдың басында 1837 жылы француз философы Шарль Фурье қолданысқа ендірген болатын [1].

Алайда әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы ғылымдар аясында гендерлік мәселелер ХХ ғасырда ғана зерделене бастады. Гендерлік ізденістер пәнаралық зерттеулерге ұласты. 1985 жылы АҚШ-та Элейн Шоуолтердың редакторлығымен «Жаңа феминистік сын» («The New Feminist Criticism») деген кітап жарық көрді. Э.Шоуолтер жазушы әйелдердің шығармаларын талдаудың екі әдісін көрсетті. Бұл екі әдістің бірі феминин сыны, екіншісі гиносын деп аталды. Осылайша әдебиеттанудағы феминистік бағытты зерттеудің теориялары мен әдістері қалыптасты.

Қазақ әдебиеттануында жазушы әйелдердің өмірі мен шығармашылығын алғаш рет әдебиеттанушы-ғалым Г. Пірәлі зерттеген болатын. Ғалым қазақтан шыққан, оқыған қыздардың алғашқысы Нәзіпа Құлжанова туралы да жазады. Н.Құлжанованың қазақтан шыққан тұңғыш журналист, аудармашы әйел екенін автор: «Талантты тұлға, тегеурінді қаламгердің «Маржан», «Есіл қыз-ай» сияқты көркем әңгімелері де ұлт әдебиетіндегі көркем прозаның алғашқы айшықты үлгілері» [3, 37 б.], – деген пікір келтіреді. Бұл ізденіс жазушы әйелдер шығармашылығының қалыптасып, даму траекториясын бақылауға мүмкіндік береді.

Н.Құлжанованың «Маржан» деген саяхат әңгімесі әйел бостандығына арналған шығарма болғандықтан әдебиеттанудағы жаңа бағыт – феминистік сын теориясына салып талданды және әйел тақырыбында жазылған өзге авторлардың кейіпкерлерімен зерттеу нысанына алынған шығармадағы бас кейіпкер салыстырылды. Гендерлік поэтика тарихи поэтиканың бір бөлігі ретінде биологиялық жыныс ретінде емес, әлеуметтік топ өкілі ретінде әлеуметтік мінез-құлық үлгілерінің өлшемін түсіндіруге, сөйлеу стратегиясы мен тактикасын, ерлер мен әйелдердің дискурсын, жазу стилін айқындауға айрықша мүмкіндік беретіндіктен қазақ әдебиетін гендерлік талдаулар тұрғысынан қарастыру өзекті деп санаймыз. Сондықтан ұсынып отырған мақаламыздың мақсаты – қазақ прозасындағы алғашқы әйел жазушының әйел тақырыбындағы («Маржан») шығармасына гендерлік зерттеу жүргізу. Зерттеудің міндеттері:

– Н. Құлжановның тырнақалды прозалық шығармасына әйел тақырыбын арқау ету себептерін анықтау және нақты құжаттармен дәлелдеу;

– Н. Құлжанованың «Маржан» әңгімесі мен Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу» шығармаларындағы көркемдік шешімнің ер және әйел автордың психологиялық табиғатымен байланысын анықтау;

– Н.Құлжанованың «Маржан» әңгімесі мен Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу» шығармаларындағы кейіпкерлерді гиносын тұрғысынан салыстырмалы талдау жасау.

Материалдар мен әдістері

Қазақ әйел жазушыларының шығармашылығы отандық әдебиеттануда түрлі қырынан зерттеліп жатса да, гендерлік зерттеулер тұрғысынан мүлде қарастырылмайды. Әдебиетіміздегі әйел құқығы мен бостандығын қорғауға бағытталып жазылған шығармалар феминистік зерттеулер теориясы аясында да бағасын алған емес. Осы мақалада тоғысатын жоғарыда аталған екі түрлі зерттеудің мәні екі бөлек екенін де айқымыз келеді. Қаламгердің әйел не ер адам болуы оның шығармашылығын гендерлік тұрғыдан қарастыруға негіз болғанымен, феминистік бағытта зерттеуге негіз бола алмауы да мүмкін. Зерттеу материалы ретінде ұсынылған үш шығарма да (Н. Құлжанованың «Маржан» әңгімесі мен Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу» шығармалары) әйел құқығын қорғауға бағытталғандықтан бізге әрі феминистік сын тұрғысынан, әрі гендерлік зерттеуге мүмкіндік туып отыр. Мақаланы жазу барысында Н.Құлжанованың «Маржан» әңгімесін ер жазушылар шығармаларымен салыстырмалы талдау арқылы авторлардың гендерлік ерекшелігінің шығармаға әсерін бағамдасак, көркем образдың басқа кейіпкерлермен ұқсастығы, ерекшелігі арқылы феминистік бағыттағы көзқарастары айқындалды. Гендерлік теорияға сәйкес әйел образының шығармадағы рөлі, міндеті, репрезентациясын анықтау үшін гиносын әдісімен конент-талдау жасалды.

Нәтижелер және талқылау

1917 жылдың желтоқсан айында Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті мен «Халық Комиссарлар Кеңесінің азаматтық неке мен балалар туралы және мемлекеттік актілер кітабын жүргізу туралы қаулы»[4] шықты. Некені заңдастырудың алғы шарттарына арналған алғашқы қаулы болғанымен, мұнда неке киноға байланысты ер мен әйелдің жасында айырмашылықтар бар. Бұл қаулыда ер адам он сегіз, ал әйел адам он алты жасында некеге тұра алады. Қаулыда кавказ елдері мен басқа да жергілікті (түземдіктер) тұрғындардың неке жасы: ерлерде он алты, ал әйелдерде он үш жас деп көрсетілген. Шіркеу мен мешіттің некесі мойындалмайды. Осы қаулы негізінде 1918 жылы РКФСР (Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасы – 1936 жылға дейін осылай аталған) 10 шілдеде қабылдаған конституцияда [5] ерлер мен әйелдер тең құқықты екені жазылды. Конституция әйелдердің саяси және азаматтық құқықтарының теңдігін заңмен бекітті, оларға ерлермен тең дәрежеде мемлекеттік органдарға сайлану және сайлау құқығын берді. Әйел теңдігі мәселесі құжат жүзінде Кеңес үкіметі территориясына кіретін елдерде осылай көтерілді. Конституциямен бекітілген бұл заң азаматтар арасында бірден жүзеге асып кетпеді, бірақ осы құжатқа сүйене отырып, ер мен әйелдің құқықтарының теңдігі туралы мәселе ресми түрде 1918 жылдан

басталды деп тұжырымдаймыз. Қабылданған жаңа заң халыққа түсіндіріліп, баспасөзде талқылау жұмысы жүргізілді. Әдеби шығармалар жазылды.

Осы заң аясында қазақ қыздарының құқығы сақталуы үшін әлеуметтік ағарту жұмыстарына тұңғыш қазақ журналист қызы Нәзипа Құлжанова белсене араласты. Ол «Қазақ әйелдеріне», «Жалпы әйел мейрамы», «Жұма күндерінде қазақ әйелдеріне кеңес», «Ақын Шолпан» деген мақалаларында әйелдің сауаттылығы мен еркіндігі туралы мәселелерді қозғайды. XX ғасырдың басында 1927 жылы «Қызыл Қазақстан» журналының үшінші санына шыққан «Ақын Шолпан» деген мақаласында автор бізге беймәлім Шолпан Иманбаева деген ақынның шығармашылығына тоқталып: «Шолпан ақын еді, көбіне әйел мұның жырлады. Ойына алған сөзді еркін жазатын түрі бар еді. Тәлім-тәрбиесінің аздығы өрісін кеңейтпемей келді» [6.136], – деп 23 жасында өмірден өткен ақын қыздың шығармашылығына баға беріп, еске алу мақаласын дайындайды.

Н. Құлжанова осы тақырыпқа арнап көркем шығарма жазуды да қолға алды. 1925 жылы «Қызыл Қазақстан» журналының №1 санына қаламгердің «Маржан» деген әңгімесі басылып шығады. Бұл – әйелдерді сауатты болуға, өз құқығын біліп, ғылым мен білімге талпынуға үндейтін қазақ әйел жазушысы жазған тұңғыш прозалық шығарма. Журнал әңгіме тақырыбының астына, жақшаның ішіне «Қазақ әйелінің бостандық мейрамына арналған жол әңгімесі» [6] деп анықтама берген. Әңгіме саяхатнама жанрына жатады. Саяхатнамада автор Маржан деген келіншек арқылы сол замандағы қазақ әйелдерінің жай-күйін әңгімелеген. Маржан – жиынтық образ. Маржан кейіпкер арқылы жазушы бостандық пен теңдікке ұмтылған қазақ әйелдерінің арманы мен мұратын ашуға ұмтылған.

Н. Құлжанованың «Маржан» әңгімесін ер қаламгерлердің (С. Торайғыров «Қамар сұлу», М. Дулатов «Қалың мал») осы тақырыпта жазылған шығармаларымен салыстыра талдағанда әйел қаламгердің жеке әлеуметтік топ және жыныс ретіндегі жазушылық ерекшелігі айқындала түсіндігін байқадық.

Үш шығарма да әйел тағдырын қозғаған үш түрлі жағдаят бейнеленген. Кестеде көрсетілгендей «Бақытсыз Жамалда» қалыңмал дәстүрі, ал «Қамар сұлуда» бай, ауқатты жерге (шалға) қызды беру, әйелдің өз теңіне қосылатын мүмкіндігі жоқ екенін ашу, «Маржанда» әменгерлік салты қозғалған. Бұл тақырыпқа ортақ тұжырым – әйелді сатып алуға болады. Әйелдің еркі мен құқығы жоқ. Үш әйел де туыстық қысымға түседі. Қысым басталғанда үш кейіпкер қандай әрекетке барады?

«Маржан» әңгімесіндегі Маржанның хат танытын ғана сауаты бар. Ол өз шығарады. Бірақ ол күрескер емес, көнбіс. Жазушы Маржанның монологын былай береді: «Біздің талабымыз көтеріліп, азды-көпті патша болып, дәурен

ететін күніміз, тек оң жақта, әке-шешенің қолында отырғанда ғой. Онан былайғы өміріміз сатылып кеткен мал есебінде. Мал құрбанға шалына ма, қонаққа сойыла ма, болмаса, шамасынан артық жұмыста көзін ашпай жүріп алып кете ме – билігі сатып алған иесінде. Мал беріп сатып алған соң, өлгенімізше көзімізді ашпаймыз» [6, 153б.].

Н.Құлжанова шығармасында әйелдің репрезентациясын астарлап, кейіпкердің қимыл-әрекетімен жеткізбейді. Үзіндіде келтірілгендей, Маржанның қарсылығы мен наразылығын кейіпкердің ішкі ойымен береді. Дегенмен кейіпкер қарсылығы әрекетке ұласпаса да, ішкі ойы, пікірі айқын. «Мал беріп сатып алған соң» [6], әйел тауар, сатып алуға болатын зат сияқты екенін астарсыз, ашық жеткізеді. Әйелдің отбасылық, репродуктивтік міндеттеріне мән беріледі. Автор Маржан кейіпкер арқылы қазақ даласындағы әмеңгерлік мәселесін де көтерді. Маржанды 15 жасында Қасен деген жігітке ұзатпақ болады. Қасен Маржаннан үш жас үлкен, парасатты, сауатты әрі көрікті жігіт. Алайда ол (Қасен) сүзек жұқтырып, үш ай ауырып қайтыс болады. Арада уақыт өтеді. Маржан жиырмаға толады. Қалың малды беріп қойған құдалар Маржанды Қасеннің 14 жастағы інісіне қосады. Себебі әйел-тауардың ақысы төленіп қойған. 1917 жылғы шыққан қаулы негізінде салыстырса, Қасеннің інісі кәмелеттік жасқа толмаған. Неке заңсыз. Шығармада әмеңгер жігіттің аты аталмайды. Маржан бір жарым жыл бойы, өзінен кіші 14 жастағы әмеңгер жарымен отау құрып, бақытсыз ғұмыр кешіп тұрып жатады. «Ел, шуылдаған абысын-ажын өз бетіммен де қоймайды. Тең көрмей жүргенімді байқап, неше түрлі өсекке таңды. Енемді нандырды. Сөйтіп жүріп ауруға шалдықтым, көлеңке құсап құр аруақ боп қалдым, жөтел пайда болды» [6, 155 б.]. Теңіне қосыла алмаған, әмеңгерлік салтының, дәстүрлі патриархалдықтың құрбаны болған Маржан тағы да туыстық қысымға түседі. Денсаулығы нашарлаған соң, анасы үйіне қайтарып алады. Шығарманың соңында Маржан қайтыс болады.

С. Торайғыровтың кейіпкері Қамар сөз өнерімен қарсылық білдіреді. Нұрым шалға арнап өлең жазады, ел-жұртына назын білдіреді. Нақты бір объектіге қарсылық болмаса да, өлең жазып, «Дәурен-ай» деген ән шырқап, ішкі қарсылығын өнермен жеткізу фактісі «Маржан» әңгімесінде де бар. Анық байқалатын әрекетті М. Дулатовтың кейіпкері Жамал жасайды. Ол сүйгенімен бірге қашады. Қашып жүргенде сүйген жігіті Ғали қайтыс болады. Өзі жалғыз қашады. Жамал – әрекетшіл. Ол көнбіс емес. XX ғасырдың басында жазылған осы үш шығармадағы әйел образында ортақ қасиеттер бар. Маржан, Жамал, Қамар – үшеуі де хат таниды. Өлең жазады. Шығарманың соңында үшеуі де қайтыс болады. Авторлар әйелдің ең алдымен сауат ашуы – айналасында болып жатқан оқиғаға сыни көзбен қарай алуына мүмкіндік беретінін жеткізеді. Өлең жазу, ақындық қасиетті сауаттылықтың символы

ретінде көрсеткен. Әйел ғана емес, қоғам ескі көзқарастардан бостандық алуы керек деген ишара үш шығармаға да тән. Себебі кейіпкерге қысым көрсететіндер – туыстық орта. Ол орта әйелдердің бағынышты, архитиптік ұрпақ жалғастырушы рөлінде болуын қалайды. Авторлардың үшеуі де кейіпкерлерінің сұлу әрі нәзік екеніне басымдық береді.

«Маржан» әңгімесімен салыстырыла талданған М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамалына» да, С.Торайғыровтың «Қамар сұлуына» да, ең адымен бостандық керек. Әйелдің сауат ашуға құштарлығы, өнерін дамытуға деген талпынысы шығармада негізгі тақырып болғанымен, осы талпыныс пен өзінің қалауы үшін бас кейіпкер күресе алмайды.

Үш шығарманың көтерген тақырыбы бір, аяқталуы ұқсас болғанымен, шығармадағы кейіпкерді сомдаудағы едәуір айырмашылықты байқаймыз. Әйел жазушының (Н. Құлжанованың) кейіпкерінің күресуге дәрмені жетпейді. «Бақытсыз Жамал» да, «Қамар сұлу» да уақыт жағынан Н. Құлжанованың «Маржан» әңгімесінен бұрын жазылғанымен ер жазушылардың кейіпкері тәуекелшіл, күрескер. Осыған байланысты әйел адам табиғатындағы эмоционалды ойлау, ер адамдардағы рационалды ойлау жүйесінің басымдығы, гормонды жүйеде ер адамдарда тәуекелге жауап беретін гормонның басымдығы көркемдік шешімге едәуір әсер еткен деген болжам айтамыз. Себебі жалғыз Маржан ғана емес шығарманың авторы да ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі патриархатқа қарсы шыға алатынына және жеңе алатынына сенбейді және шығарма жүзінде болса да тәуекел ете алмайды. «Кемшілігін көріп отырып, әйел өзі де бұл қалыпқа қарсы келе алмайды. Мыңнан бірі ызаға шыдамаған өжет әйел басын қорғап қарсы шықса, ол бұзық атанып, елге күстана болады. Ел оны адамшылықтан шығарады. Оған шыдайтын әйел кем»[6, 157 б.] деп берілетін автор сөзінен шығарманың алдағы көркемдік шешімін айқын аңғаруға болады. Маржанның қайтыс болғанын естігендегі: «– Маржан байғұс марқұм болған. Осы қыстыгүні үйінде жатып қайтты. Былтырдан күйеуінің үйіне қайтқан жоқ еді, – деді Ахмет. Ахметтің сөзіне таңырқаған жоқпын. Өзім де Маржан сорлыны өлімнен өзгеге ұйғармаушы едім...» [6, 160 б.] деген үзіндіден үлкен мәселе алдындағы әйел затына тән қорқыныш авторды кейіпкері Маржанды әлсіз, көнбіс, нәзік, сұлу әрі жағдайға мойынсұнған қалпында бейнелеуге себеп болды деп болжам жасауға болады. Себебі шығармада тартыс, қақтығыс секілді әрекет жоқ. Маржан экономикалық, әлеуметтік және репродуктивтік ресурсқа айналған әйел. Өскен ортасы, келін боп түскен жұрты әйелге осы талаптарды қояды. Әйел ретінде Маржан бұл талаптарға бағынады.

Маржанның образы түсінікті болуы үшін, әйел тақырыбында жазылған М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамалы» мен С. Торайгыровтың «Қамар сұлуы» талданып, кесте арқылы көрсетілді.

Кесте 14 – Әйел тақырыбына жазылған шығармалардың ерекшеліктері

Шығарма атауы және автор	Бас кейікер	Екінші кейікер (сынар)	Үшінші кейікер (кедергі)	Мінез/характер	Қысым түрі	Шығарма соңындағы кейіпкердің жағдайы	Ортақ қасиеттер	тақырып	Басылып шыққан жылы
Маржан-Н. Құлжанова	Маржан	Қасен	Аты берілмейді	Күрескер емес, көнбіс	Туыстық қысым. Абысы-адын өсегі	Қайтыс болады	Хат ганиды, өлен жазады/ жүдеп кетеді	Әменгерлік	1925
Қамар сұлу - С. Торайгыров	Қамар	Ахмет	Жорға Нұрым / болыс/ ел-жұртына назын айтады. Жылайды, бірақ әрекет етпейді.	Шалға қарсы өлен шығарады, ел-жұртына назын айтады. Жылайды, бірақ әрекет етпейді.	Атасы (әкесінің ағалары сатпақ болады)	Қайтыс болады	«Ақын Қамар»/ хат жазады	Бай, болыс шалға қосу	1914
Бақытсыз Жамал – М. Дулатов	Жамал	Ғали	Газ Жұман	Сүйгенімен қашады/ өзі қашады	Әкесі мансап үшін қызын малға сатады	Қайтыс болады	Хат ганиды, өлен жазады/ жүдеп кетеді	Қалын мал	1910

Жоғарыда аталған ерекшеліктерге қоса қазақ әйелі жазған алғашқы проза ретінде Н. Құлжанованың суреткерлігі мен баяндау әдісі де ерекше. Н. Құлжанова әңгімеде қаланың пейзажы мен даланың пейзажын өте шебер суреттейді. Өткен ғасыр басындағы қазақ қаласының жағдайы мен ауылдағы қазақ үйлерінің интерьеріндегі ерекшеліктерді аса байқампаздықпен сипаттайды. Оның көркем тілі мен шығармаларындағы көркем баяндауы да тағы бір үлкен зерттеу жұмысының объектісі бола алады. Қазақ жазушы әйелдерінің жазған прозалық шығармаларының алғашқысы осы – «Маржан» болғандықтан, Нәзипа Құлжановадан кейін әйел тақырыбы, оның еркі мен қалауы, жандүниесі өзге де әйел қаламгерлердің шығармашылығынан қалай көрініс тапты деген заңды сұрақ туындайды. Бұл сұрақ біздің келесі зерттеулеріміздің күн тәртібінде тұрмақ.

Қорытынды

Зерттеуімізді қорытындылай келе қазақ прозасында феминистік бағытта жазылған шығармалар, әсіресе, XX ғасырдың алғашқы ширегінде көптеп жазылғандығын байқадық. Көбінесе бұл тақырыпты қозғаған қазақ қоғам қайраткерлері, ағартушы, қаламгерлер ер адамдар болғандығы да ұлттық феминистік әдебиеттің ерекшелігі болып табылады. Әдебиетте оның ішінде прозада бұл тақырыпта қалам тарқан әйел жазушылар некен саяқ болғанымен, солардың бірегейі Н. Құлжанова екенін айқындай алдық. Н. Құлжанованың барша зерттеулері, көркем шығармалары, публицистикалық мақалаларының дені сауаттылыққа талпынған әйелдерді жігерлендіріп, әйелдің денсаулығы мен гигиенасына, бала тәрбиесіне арналғаны зерделенді.

Н. Құлжанованың «Маржан» көркем шығармасын өзге феминистік бағыттағы С.Торайғыровтың «Қамар сұлу», М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» шығармаларын салыстыра отырып, гендерлік психфизиология тұрғысынан ерекшеліктердің болатынын және гендердің көркем шығармадағы образдың бейнеленуіне тікелей әсер ететінін бағамдадық.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 **Брайсон, В.** Политическая теория феминизма [Text]. Москва., 2001. – 304 с.
- 2 **Robyn, W.** Feminisms Redux: An Anthology of Literary Theory and Criticism [Text]. USA. Rutgers University Press, 2009. – 568 p.
- 3 Пирәлі Г. Қазақтың қаламгер қыздары [Text]. – Алматы : Қоңыр, 2021. – 342 б.
- 4 Декрет ВЦИК и СНК о гражданском браке, о детях и о ведении книг актов состояния 18(31) декабря 1917 г. // URL <http://www.hist.msu.ru/ER/Etext/DEKRET/17-12-1>
- 5 Конституция (Основной Закон) Российской Социалической Федеративной Советской Республики. [Электронный ресурс]. – <http://www.hist.msu.ru/ER/Etext/cnst1918.htm#2>
- 6 **Құлжанова, Н.** Шығармалары. – Алматы : Ана тілі, 2014. – 384 б.
- 7 Дулатұлы, М. Бақытсыз Жамал. [Text]. – Алматы : Мазмұндама, 2022. – 148 б.
- 8 **Торайғыров, С.** Қамар сұлу [Text]. – Алматы : Атамұра, 2002. – 240 б.
- 9 **Ергебеков, М., Темірбекова, Ж.** Гендер және Қазақстан қоғамы. Алматы : Deluxe Printery, 2022. – 280 б.
- 10 **Райан, Майкл.** Әдебиет теориясы : Кіріспе. – Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. – 292 б.
- 11 **Dhivya, N.** Feminist literary criticism. World women studies journal. 2016 // <https://doi.org/10.46291/wwsj.v1i1.1>

References

- 1 **Brajson, V.** Politicheskaya teoriya feminizma [Political theory of feminism] [Text]. Moskva., 2001. – 304 p.
- 2 **Robyn, W.** Feminisms Redux : An Anthology of Literary Theory and Criticism [Text]. USA. Rutgers University Press, 2009. – 568 p.
- 3 **Pirali, G.** Qazaqtyn qalamger qyzdary [Kazakh women writers] [Text]. – Almaty : Qonyr, 2021. – 342 b.
- 4 Декрет ВЦИК и СНК о граждaнском браке, о дeтях и о ведeнии книг актов состояния [Decree of the All-Russian Central Executive Committee and Council of People’s Commissars on civil marriage, on children and on the maintenance of books of acts of state] 18(31) dekabrya 1917 g. //URL <http://www.hist.msu.ru/ER/Etext/DEKRET/17-12-1>
- 5 Konstituciya (Osnovnoj Zakon) Rossijskoj Socialicheskoj Federativnoj Sovetskoj Respubliki. [Electronic resource]. – <http://www.hist.msu.ru/ER/Etext/cnst1918.htm#2>
- 6 **Qulzhanova, N.** Shygarmalary [Works of N. Qulzhanova]. – Almaty : Ana tili, 2014. – 384 p.
- 7 **Dulatuly, M.** Baqytsyz Zhamal [Unlucky Jamal]. [Text]. – Almaty : Mazmundama, 2022. – 148 bp.
- 8 **Toraigyrov, S.** Kamar sulu [Kamar] [Text]. – Almaty : Atamura, 2002. – 240 b.
- 9 **Ergebekov, M., Temirbekova, Zh.** Gender zhane Qazaqstan qoqamy [Gender and the society of Kazakhstan]. Almaty : Deluxe Printery, 2022. –280 b.
- 10 **Rajan, Majkl.** Adebiet teoriyasy : Kirispe [Literary theory: Introduction]. -Almaty: Ul'tyq audarma byurosy, 2019. – 292 p.
- 11 **Dhivya, N.** Feminist literary criticism. World women studies journal. 2016 // <https://doi.org/10.46291/wwsj.v1i1.1>

08.08.23 ж. баспаға түсті.

17.12.23 ж. түзетулерімен түсті.

25.11.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

*А. Б. Толeу¹, Г. Р. Саулeмбек²

^{1,2}Институт литературы

и искусства имени М. О. Ауэзова,

Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 08.08.23.

Поступило с исправлениями 17.12.23.

Принято в печать 25.11.24.

ОБРАЗ ЖЕНЩИНЫ В РАССКАЗЕ НАЗИПЫ КУЛЬЖАНОВОЙ

В статье рассматривается история феминизма в литературоведении, а также обзор гендерных исследований, впервые анализирующих первое прозаическое произведение казахской литературы, написанное женщиной-писательницей. Рассказ «Маржан» Назипы Кулжановой сравнивается с произведениями других авторов, написанных по теме женщин, а именно: «Бакытсыз Джамал» Миржакипа Дулатова, «Камар Сулу» Султанмахмута Торайғырова, показывая отличия в характере героев, а также их общие черты сходства, в таблице показаны виды давления, оказанные на них (женщина-героиня). Также в статье показаны политические условия и официальные документы того времени, которые побудили Назипу Кулжанову написать рассказ о свободе и независимости казахской женщины.

В рассказе «Маржан», первом произведении казахских писателей (прозаиков) – в новом направлении был сделан анализ, что женщина рассматривается с точки зрения гинеитики, рассматривается половое отличие, а также семейные и репродуктивные обязанности.

Теоретически рассмотрены мировосприятие героя, иррациональные и эмоциональные особенности. Хотя основной темой произведения является стремление женщины стать грамотной и развивать свое искусство, главная героиня не может бороться за эти желания. Потому Маржан знает, что она в одиночку не сможет бороться против многовекового традиционного патриархата. Данное произведение, написанное женщиной, является первым рассказом по теме женского равноправия. Поэтому в рассказе нет таких явлений, как конфликты, столкновения.

Ключевые слова: феминизм, гинеитика, гендерные исследования, произведения писательницы, феминистская критика, феминистское направление в литературоведении.

*A. B. Toleu¹, G. R. Saulembek²

^{1,2}Institute of Literature
and Art named after M. O. Auezov,
Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 08.08.23.

Received in revised form 17.12.23.

Accepted for publication 25.11.24.

THE IMAGE OF A WOMAN IN THE STORY OF NAZIPA KULZHANOVA

The article reviews the history of feminism and gender studies in literary studies, and the first prose work written by a female writer in Kazakh literature is distinguished for the first time. Nazipa Kulzhanova's story «Marzhan» was compared with the works of other authors written on the theme of women, in particular Mirzhakip Dulatov's «Bakytsyz Jamal», Sultanmahmut Toraygyrov's «Kamar Sulu», and the differences in the character of the heroes', their common qualities and the types of pressure exerted on them (female characters) were shown in the table. The political conditions and official documents of that time, which prompted Nazipa Kulzhanova to write a story about the freedom and independence of the Kazakh woman, were also shown in the article. The transformation of a woman into a sexual object, the expression of her family and reproductive duties in the story «Marzhan», the first of the works of Kazakh women writers (prose writers), was analyzed in a new direction from the point of view of gynocriticism. The hero's perception of the world, irrational and emotional features were considered theoretically. Although the main theme of the work is the desire of a woman to become literate and to develop her art, the main character cannot fight for this desire and her desire. Because Marzhan alone knows that she cannot go against the centuries-old traditional patriarchy that has existed for centuries. This is the first story in Kazakh literature on the topic of women's equality, written by a female writer. That's why there is no conflict in the work.

Keywords: feminism, gynocriticism, gender studies, works of women writers, feminist criticism, feminist trend in literary studies.

Теруге 25.11.2024 ж. жіберілді. Басуға 25.12.2024 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
4,57 МБ RAM
Шартты баспа табағы 30,79. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Тапсырыс № 4311

Сдано в набор 25.11.2024 г. Подписано в печать 25.12.2024 г.
Электронное издание
4,57 МБ RAM
Усл. печ. л. 30,79. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Заказ № 4311

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.vestnik.tou.edu.kz